



**А И К Ы І Н**

## ГЕНЕРАЛ КОРНИЛОВ КІМ БОЛҒАН?

**Соңғы жылдары баспасөз беттерінде Лавр Георгиевич Корнилов туралы көптеген мақалалар жарияланды. Солардың ішінде әртүрлі аңыз-әңгімелері де аз емес.**

Лавр Корнилов – Ресей тарихындағы 1917 – 1918 жылдары көзге түскен айтулы тұлғалардың бірі, оның үстіне Семей губерниясына қарасты Қарқаралы өңірінде туылған. Сондықтан генерал Л.Корнилов өмірі мен қызметіне деген қызығушылық басым. Оның әкесі Георгий Корнилов қызмет бабымен жүріп, мекенжайын жиі ауыстырған.

Дәл осы кезеңде көрнекті шығыстанушы-ғалым Григорий Потанин да Қазақстанда өмірге келген. Осы өңірде Алашорда көшбасшысы Әлихан Бөкейханов та туып өскен. Бұған қоса, генерал Л.Корниловтың «анасы шығыстан шыққан» және оны «Корниловтар әулеті асырап алған қазақ баласы» деген мәліметтер елең еткізеді (бұл, әрине, қазақстандықтарға тән қасиет – адамның дүниетанымы мен көзқарасына емес, шығу тегіне қарайды).

Куәгерлердің айтуынша, Лавр Корниловтың бет-әлпеті шынымен шығыстық, замандастары оны «қалмақ тектес», «дене-бітімі азиаттық» дейді екен. Бірақ біздің мақсатымыз – Л.Корниловтың шығу тегін емес, оның өміріндегі беймәлім жайттарды қарастыру. Осы мақала арқылы Л.Корниловтың өмірі мен ұстанымын, көзқарасы мен қызметін және оның өлімі туралы тарихи деректерді қарастыруды жөн көрдік.

Ресми өмірбаяны бойынша Лавр Корнилов 1870 жылдың тамыз айында туған (Ресей большевиктерінің көсемі В.Лениннің құрдасы), көптеген зерттеушілер қате айтып жүргендей, оның шыққан тегі қазақ емес, дұрысы коллеж хатшысының, яғни кіші шенеуніктің баласы болған. Сол кездегі дәстүрге сәйкес, ол Кадет корпусын бітірген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін, 15 жылдай Парсы, Қытай, Ауғанстан елдерінде барлаушы қызметтерін атқарған, 1914 жылғы соғыс басталғанда Австрия-Венгрияға қарсы соғыс майданына жіберіледі. Бірақ мұнда көзге түсе қоймайды. Ол туралы танымал генерал А.Брусилов былайша: «Корнилов өз дағдысымен, корпус командирінің бұйрығын орындаған жоқ, сөйтіп қоршауға алынды. Ақыры өз артиллериясы мен арбалы керуенінің бір бөлігін жоғалтып, әрең дегенде жалғыз аяқ жолмен кері қайтты» деп еске алады.

1915 жылы Л.Корнилов өзіне сеніммен тапсырылған дивизиямен Галицияда талқандалып тұтқынға түседі. Онымен неміс тұтқынында бірге отырған генерал М.Мартынов: «Корнилов бос уақытын кітап оқумен толықтыруға тырысты, әсіресе, Наполеон туралы оқығандары, оны қатты ашындырды, ол корсикандық пен өзінің жеке өмірін салыстыруды дағдыға айналдырды. Сол кезде, – деп жалғастырады генерал М.Мартынов, – Корниловтың одан сайын шамданып шыға келетін және австриялық газеттердегі патша үкіметінің Мемлекеттік Думаның прогрессивті күштерімен күресі туралы ақпараттарды

оқитын, сосын «олардың бәрін, Гучковтар мен Милюковтарды рақаттана дарға асар едім» деуші еді.

Осы тұста екі нәрсеге мән берейік, біріншісі – оның өзін әрдайым Наполеонмен салыстыруы, екіншісі – империялық көзқарасы. Бұдан әрі оның осы қасиеттері, кейінгі іс-қимылдарына түрткі болады. Сол кездегі неміс әкімшілігі тәртібі бойынша орыс офицерлері әжептәуір еркіндікке ие болатын, бірақ оларға кепілдік берген адам жазаланатын еді.

1916 жылдың көктемінде қос генерал тұтқыннан қашу керек деп шешті. Бірақ оны ұйымдастырушы М.Мартынов ұсталады, ал Л.Корнилов жүйкесіне зақым келген деген желеумен басқа госпитальға ауыстырылады. Л.Корнилов фельдшер арқылы 20 мың кронға госпитальдан қашып шығады. Сол үшін ұлты чех фельдшер тұтқындалып, дарға асу жазасына кесіледі (Қараңыз: Ю. Помпеев. Февральский вихрь/ Эти великие полгода. Ленинград, 1987 г.).

\*\*\*

1917 жылдың ақпан айында Ресейде патшалық билік құлады. Билік тізгіні эсер Александр Федорович Керенский басқаратын Уақытша үкіметтің қолына көшті. Елде аласапыран, ал Уақытша үкімет тәртіп орнатуға қауқарсыз болып шықты. Уақытша үкіметтің негізгі қарсыласы, большевиктер партиясының басшысы В.Ленин (Ульянов) болды, ол билікке өзінің талап-тілегін білдірді. 1917 жылғы оқиғаларды генерал А.Деникин «орыс дүрбелені» деп атады.

Ресейге оралған генерал Л. Корнилов М.Родзянконың (Уақытша үкіметтің мүшесі) назарына ілікті және 1917 жылдың 2 наурызында Петроград әскери округы әскерлерінің қолбасшылығына тағайындалды. Кешегі монархист кенет «нағыз республикашыл» болады. «Ресейде болған төңкеріс, – деп мәлімдеді ол журналистерге, – біздің жеңісіміздің уақытша кепілі болып табылады. Ескі тәртіптен арылған азат Ресей ғана, бірінші дүниежүзілік соғыстан жеңімпаз бола алады». Тарихтан белгілі ол Романовтар отбасы кейін Екатеринбург қаласында шейіт болған.

Күні кеше патшаға ант берген генерал Л.Корнилов, өз бетінше патшайым мен оның жақындарын тұтқынға алады.

Осы кезде Л.Корниловты, оның ауқымды сұхбаттарын кеңінен насихаттаушы Завойко сияқты журналистер қауымы қоршады. Завойко деген шовинист «Русская воля» газетін шығарушылардың бірі, әрдайым «мықты адам» ретінде, Л.Корнилов туралы мадақтау мақалаларын жариялап отырған. Ол сол уақыттағы А.Путилов,

А.Вышнеградский сияқты ресейлік олигархтардың қаржылық қолдауына сүйенді. Тарих ғылымдарының докторы Александр Шубин жазғандай, осы Завойко Л.Корниловты мадақтаумен кампанияның жұмысын жандандырды, генерал туралы бірнеше кітапшаларды басып шығарды және оларды солдаттарға сыйлық ретінде үлестірді (қараңыз: Родина, №2 – 2013 г., Б.127). Әскер қолбасшысы генерал Михаил Алексеев Л.Корниловты: «Жарнама арқылы шыққан, карьерист» деді. Шынында да, Л.Корнилов бірде-бір ұрыста жеңімпаз болмай-ақ, Ресейдегі белсенді, батыл адамға айналды. Сөйтіп, ол

Завойконың газеттері арқылы Отанды құтқарушы, күшті қайраткер ретінде танылды.

1917 жылдың жазында А.Керенский мен Л.Корниловтың арасы жыли түседі. А.Керенскийдің ойынша, Жоғары бас қолбасшы генерал Л.Корнилов қандай құрбандықтар болмасын, елде әскери тәртіпті орнатуы керек деп ойлаған. Алайда «Наполеонның табыстары» Л.Корниловтың мазасын алды. Ол өзін Ресей тағдырын шешуші және әскери диктатор санады.

Л.Корнилов әскери қызметкерлер сияқты, азаматтық тұлғаларға да өлім жазасын енгізуді жақтады.

1917 жылдың жазында «генерал Лавр Корнилов Петроградта әскери төңкеріс жасауға әрекет етіп жатыр» деген хабар шықты. Кейіннен Уақытша үкіметтің жетекшілерінің бірі П.Милуков: «төңкерісті

Л.Корнилов ерте ойластырған» деп жазды. Осы кездегі Жоғары бас қолбасшы Л.Корниловтың тұсында неміс әскерлері Риганы жаулап алды және ішкі Ресей жеріне енді. Отанын қорғаудың орнына А.Керенский мен Л.Корнилов Петроградтағы революцияны тұншықтыруға тырысты, сол жаққа майдандағы әскерді жіберуді жоспарлады. Алайда 27 тамызда олардың арасында өзара келіспеушіліктер пайда болады.

Ресейдегі 1917 жылдың тамызындағы аласапыран жағдайда, елдің одан әрі даму жолдарын анықтауға бағытталған Мемлекеттік Кеңес жұмысы басталды. Л.Корнилов Кеңеске әдейілеп кешігіп келеді. Келесі күні келген генералды түркіменнің теке тайпасынан құралған полк алып жүрді, ал салтанатты маршпен жас юнкерлердің құрметті қарауылы, әйелдер батальоны және казак жүздігі сап түзеді. Қоғам үшін бұл ала-құла тобырдың нені көксегені түсініксіз еді.

Осы күндері бірқатар генералдар мемлекеттік төңкеріс жоспарын пісіп-жетілдірді. Л.Корнилов, М.Алексеев, А.Деникин қатысқан құпия кеңесте бүлік жасау шешімі қабылданды, ол үшін Петроградқа сенімді казак полктары мен Кавказ таулықтарынан құралған «жабайы» дивизияларды тарту көзделді. Тараптардың келісімі бойынша, бұл астыртын әрекетті Л.Корнилов басқаратын болды. Әртүрлі сылтаумен таңдаулы офицерлер тобы Петроградқа жіберілді.

Тарихқа «корниловшылдық» атауымен енген бүлік 27 – 31 тамыз аралығында болды. Генерал Л.Корнилов «Большевиктерді шетінен дарға асу және Кеңестерді біржола тарату туралы ықыласын» ашық мәлімдеді.

Елде тәртіп орнатамыз деген желеумен Л.Корниловтың жақтастары, оқиғалардың барысына араласты, Азаматтық басқарманы талқандауға және жұмысшы, солдат депутаттарының Кеңесін таратуға кірісті.

Корниловшылдарды Петроградтың өзінде әскерилерден құралған астыртын топтар қолдап отырды.

Осы кезде Л.Корнилов өзінің әскери мақсатын анықтады:

1. Петроградта әскери тәртіп жариялау.
2. Бүкіл азаматтық және әскери билікті Жоғары бас қолбасшының құзырына өткізу.
3. Бүкіл министрлерді қызметінен босату.

Генерал А.Корнилов кенеттен бүлік басталғаннан кейін Уақытша үкіметтің басшысы А.Керенский қатты өкініп қалды. Сенім артқан генерал Л.Корниловты оған сатқындық жасады және Петроградқа әскер енгізді. Құжаттарда айтылғандай, тіпті Л.Корнилов өз қамқоршысы А.Керенскийді тұтқындауға тырысқан, оны сенімді әскерлері орналасқан Могилевке алдап шақырған.

Қалыптасқан жағдайда А.Керенский бүлікті басу үшін шұғыл шаралар жасады. Л.Корниловтың жақтасы – князь В.Львов пен тағы басқалары тұтқындалды. Осылайша, әскери төңкеріске дайындық іске аспай қалды. Сөйтіп, Уақытша үкіметтің атынан Л.Корниловтың штабына шұғыл жеделхат жіберіледі: «Сізге тез арада лауазымды қызметіңізді генерал Лукомскийге тапсыруыңызды бұйырамын, шұғыл түрде Петроградқа жетуіңіз керек». Алайда Лавр Корнилов лауазымын тапсырған жоқ, Петроградқа да бармады. Ол сенімді әскерлеріне Петроградта шұғыл маршпен жүруді бұйырды.

Л.Корниловтың бұл қадамдары саяси партиялардың бірігуіне әкелді. Осы кезде А.Керенскийді әсерлердің жетекшісі Б.Савинков, кадеттердің жетекшісі П.Милюков, тіпті большевиктердің көсемі В.Ленин қолдады. Сан жағынан көп солдаттар мен офицерлер Уақытша үкімет жағында болды. Петроградта Контрреволюциямен күрес жөніндегі комитет құрылды, оған Уақытша үкіметті қолдаған партиялар және әскерилердің өкілдері кірді. Петроградты Корниловтың әскери бөлімдерінің шабуылынан қорғау үшін Кронштадтан матростар шақыртылды.

Уақытша үкіметтің басшысы ретінде А.Керенский Л.Корниловты әскери антты бұзғаны үшін айыптады және оны Бас қолбасшылық лауазымынан алып тастады. Л.Корнилов бұйрыққа бағынбай, генерал А.Крымовқа Петроградты тездетіп басып алуды бұйырады. Бұл әскерлердің негізін таулықтар, түркімен-текиндер және казактар құрады. Бұл оқиға тарихта «Корнилов бүлігі» атауымен қалды.

Әскерлердің алдынан шыққан Уақытша үкіметтің үгітшілері, шабуылды тоқтатып қана қоймай, солдаттардың өз командирлерін ұстап беруіне және олардың тарқауына қол жеткізді. Генерал А.Крымов А.Керенскиймен келіссөздер жүргізу үшін Қысқы сарайға келеді. 31 тамыздағы келіссөзден кейін, генерал А.Крымов өзін-өзі атады. Сол күні генерал Л.Корнилов тұтқындалды және сотқа тартылды. (Қараңыз: «История России от 1917 года до наших дней». Москва, 2007 г.).

Осылайша, «Корнилов бүлігі» абыройсыз аяқталды.

\*\*\*

Сол 1917 жылдың тамыз айынан бастап Л.Корнилов 1918 жылдың ақпанына дейін М.Алексеев, А.Деникин сияқты генералдармен бірге үй тұтқынында болады.

Л.Корнилов өзіне жақын адамдары арқылы Кеңес билігінің тұтқындауға дайындығын естіп, сенімді жақтастарымен бірге Донға қашып кетеді. Ол генерал А.Деникинмен бірге ақ гвардия жасақтарын құрады. Бұл кезде

Л.Корнилов қайтадан монархист болды. Ақтар қозғалысының бағдарламасында «Біртұтас, ұлы және бөлінбес Ресей. Сенімді қорғау, большевиктермен аяғына дейін күресу. Өте күшті күрес» деп көрсетілді. Л.Корнилов құрылған Ақ гвардияның бөлімдерімен бірге «Мұз жорығын» жасайды. 1918 жылдың көктемінде Л.Корнилов жасақтары мықты бекіністі Краснодар қаласын шабуылдайды. Қорғанушы қызыл әскерлермен Ақ гвардия жасақтары қаланың жақсы бекінген қабырғаларында қақтығысады. 1918 жылдың сәуір айында генерал Л.Корнилов штаб ретінде жабдықталған үйшікте болған кезінде, оған снаряд түседі. Л.Корниловтың адъютанты Роман Гуль, сол кезде жас, генерал өлімінің куәгері болғанын өз естеліктерінде жазады. Бұл кітап – естеліктер АҚШ-тың Гувер мұрағатында сақталған.

Бір қызығы, осы Роман Гуль ұзақ өмір сүрген. Ол ақ гвардияның жеңілісінен кейін эмиграцияға кетеді, АҚШ-та тұрған, осында И.Сталиннің қызы – Светлана Алилуевамен жақсы араласқан. М.Горбачевтың «қайта құруынан» кейін Р.Гуль Кеңес Одағында болған, туған жеріне, қателеспесем Псковқа барып қайтқан.

\*\*\*

Генерал Л.Корнилов сыртқы және «ішкі» майдандардың бірде-бірінде жеңіске жетпей, 1918 жылы 48 жасында қайтыс болады. Менмен қайраткер, өзінен кейін «қалыптаспаған Ресей диктаторы» туралы талас-тартысты естеліктер қалдырды. Тарихта оның есімі даңқты жеңістермен емес, әскери іс-қимылдары сәтсіз аяқталған бүлікші, қиратушы ретінде қалды. Өткен ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты, саясаткер, қазақ халқы мойындаған көшбасшы болды. Ол жоғарыда айтылған оқиғаларды өз көзімен көрді. Оны большевиктер 1937 жылы ату жазасына кесті. Григорий Потанин көрнекті ғалым, Сібірлік автономист, кеңестік билікті қолдамаған. 1918 жылы қайтыс болады. Әлихан Бөкейханов пен Григорий Потанин генерал Л.Корниловтың замандастары, олар елдің санасында жалпы адамзаттың дамуына зор үлес қосқан қайраткерлер ретінде қалды.

**Бүркітбай АЯҒАН, БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының  
директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор**